

Бекітілді:  
«Алтын бесік 1» бөбекжай балабақшасының  
менгерушісі *Бейсебаева А.Т.* Бейсебаева А.Т.



**ҰОҚ:**

# **«1 қыркүйек БІЛІМ КҮНІ»**

**Орта «Ертөстік» тобы  
Тәрбиеші: Қасымжан С.О.**

## *1 қыркүйек Білім күні*

**Білім беру саласы:** Коммуникация.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Сөйлеуді дамыту

**Тақырыбы:** Бірінші қыркүйек Білім күні

**Мақсаты:** Балаларға білім күні жайлы түсінік бере отырып, тілдік қорлары мен сөйлеу қабілеттерін дамыту.

(Балабақша ауласы 1 қыркүйек Білім күніне сай безендіріледі. Жеңіл музыка ырғағымен әр топтың балалары екі қатармен келіп, орындарына тұрады)

**Жүргізуші:** Құрметті ата аналар, ұстаздар және бүлдіршіндер сендерді бүгінгі білім күнімен құттықтаймын! Отбасыларыңызға берек, ынтымақ тілей отырып, білімді ұрпақ тәрбиелеуге шын жүреппен тілектеспіз.

**Мұхит:** Қастерлемес даңқын кім,  
Қадірлемес салтын кім?  
Әнұраны елімнің,  
Үні, Тілі халқымның!

*(Әнұран орындалады)*

**Нұрзада:**

Сәлем, достар, балалар!  
Жаңа білім күніңмен!  
Білім-күні мереке,  
Ән салсам да әдемі.  
Туған тілім-береке,  
Сөз арнасам кәделі!

**Хор:** «Ақ көгершін»

**Тәрбиші:**

Жаңа киім үстінде,  
Мақтанғым да келеді.  
Білім тойы үстінде  
Шаттанғым да келеді, -деп біздің «Ертөстік» тобының балалары мерекеге орай әдемі киініп келген екен, енді сіздерге арнап такпақтар айтып береді.

**Абай:**

Ән салайық, келіңдер,  
Жайнап гүлдей жүріңдер.  
Білім күнін тойлайық,  
Би билейік, ойнайық.  
Би: «Жаз»

**Тәрбиеші:** Балалар мектептің жүрегі деген сөзді қалай түсінесіңдер?  
Мұғалім мектепте не істейді?

**Айбике:**

Ұстаздар- ұлттың тірегі,  
Ұстаздар- білім жүрегі.

Ұрпакқа жетер ұстазбен,

Халықтың ұлы тілегі.

**Тәрбиеші:** Мектепте қызықты нелер көп?

Ол кітаптар қайда тұрады?

**Аңсар:**

Кітап-білім кеніші,

Білім- елдің өрісі.

Татар дәмді тәтті етер

Ащы еңбектің жемісі.

**Тәрбиеші:** Бұл мерек қай мезгілде болады?

Күз бізді тағы несімен қуантады?

**Зурум:**

Қуандырып біздерді

Мерекелі күз келді,

Кел, жемісті алтын күз,

Кемелденсін халқымыз.

*Ән: «Достық»*

**Тәрбиші:**

Шалдықпадым , талмадым,

Арманды алға жалғадым.

Конститутция-Қорғаным.

Атасы ол бар Заңның,- деп сіздерді өткен 30 тамыз Конституция күнімен

құттықтай отырып, Балалардың өнерін тамашалауға шақырамынз.

**Дарын:**

Әрқашан дос біргеміз,

Ажырамас іргеміз.

Достық жырын біліңдер,

Ту қылып ұстап бірлікті,

Еңбекті сүйіңдер.

**Амина:**

Сүйемін туған тілді ана тілім,

Бесікте жатқаныида-ақ берген білім.

Шыр етіп жерге түскен минутымнан,

Құлағыма сіңірген таныс үнім.

**Санжар:**

Мереке ел мерейлі,

Мерейлі күн көбейді.

Шаңыраққа құт болып,

Керегеміз кеңейді.

*Ән: Күз мерекесі»*

**Нұржан:**

Ән салыңдар күліңдер,

Жайнап гүлдей жүріңдер.

Келіңдер күз тойын тойлайық

Би билейік, ойнайық.

**Аруна:**

Алтын, сары, қызыл, көк.  
Алуан-алуан жапырақ.  
Күзгі бақта күлімдеп.  
Көз тартады атырап.

**Ойын:** «*Жапырақтарды кім тез жинайды.*»

**Жүргізуші:**

Ал бірінші қыркүйек,  
Күнсің ғой сен ең тәуір.  
Өйткені ол мереке,  
Бірінші күн ерекше.

Мерекелеріңіз құтты болсын. Аспанымыз ашық, заманымыз тыныш болсын!-  
деп, бүгінгі ашық ұйымдастырылған оқу қызметін «*Әрқашан күн  
сөнбесін*» әнімен аяқтаймыз.